

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ Өңірлік Университеті
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. М.Х.ДУЛАТИ**

«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау комиссиясының төрағасы

М.Х.Дулати атындағы

Тараз өңірлік университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректор

М.К. Байжуманов

« _____ » _____ 2024 ж.



**«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша
жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына
оқуға түсушілерге арнаулы емтихан өткізу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

ПРОГРАММА

**проведения специального экзамена поступающим
на образовательные программы высшего образования
по области образования «Педагогические науки»**

Тараз, 2024

Мазмұны/Содержание

1	Жалпы ережелер	3
	Общие положения	18
2	Арнаулы емтиханды өткізу тәртібі	3
	Порядок проведения специального экзамена	18
3	Арнаулы емтиханды тапсыру критерийлері	4
	Критерии сдачи специального экзамена	19
4	Апелляцияны өткізу тәртібі	5
	Порядок проведения апелляции	20
5	Педагогикалық мамандықтарға оқуға тапсыратын талапкерлер үшін арнайы емтиханның педагогикалық жағдаяттары	5
	Педагогические ситуации специального экзамена для абитуриентов, поступающих на педагогические специальности	20
6	Арнаулы емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі	17
	Перечень групп образовательных программ, по которым проводятся специальные экзамены	24
7	Келісу парағы	25
	Лист согласования	25

1. Жалпы ережелер

Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 ж. 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына түсу кезіндегі арнаулы емтихан талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

Арнаулы емтиханның түрі мен мазмұны сұхбаттасуға бағытталған. Сұхбаттасу барысында талапкерден педагогикалық жағдаятты шешуді талап етеді.

2. Арнаулы емтиханды өткізу тәртібі

2.1 Арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін, университет Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

2.2 Арнаулы емтиханның кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

2.3 Арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

Арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқст беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссияның хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

2.4 Арнаулы емтихан бейне немесе аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

2.5 Арнаулы емтиханның нәтижелері емтихан өткен күні жарияланады.

2.6 Арнаулы емтихан нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

2.7 Арнаулы емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізуді емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді. Арнаулы емтихан өткізу барысында аудиторияға бөгде адамдар кіруге болмайды.

2.8 Талапкер арнаулы емтиханға жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

2.9 Арнаулы емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады. Арнаулы емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкіндік жасалады.

2.10 Арнаулы емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы емтихандардың басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

2.11 Арнаулы емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтауы тиіс:

- 1) тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- 2) аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- 3) арнаулы емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

4) емтиханды өткізу жайлы ереже талаптарын бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылады.

5) арнаулы емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

2.12 Арнаулы емтиханның түрі мен мазмұны педагогикалық жағдаятты шешу. Осы арқылы талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

2.13 Талапкерлер арнайы емтихан тапсырған кезде комиссия жауаптардың толықтығын, тереңдігін және дәлелді екендігін бағалайды. Келесі критерийлер ескеріледі: мұғалімнің болашақ мамандығын таңдау мотивтері; педагогикалық қызметке қызығушылық; балаларға деген сүйіспеншілік; шығармашылық көзқарас; гуманистік бағыт; инновациялық ойлау стилі; сөйлеу мәдениеті, дикция; қарым-қатынас мәдениеті; эмпатия және көшбасшылық қасиеттер.

Арнаулы емтихан бойынша педагогикалық жағдаятты өз деңгейінде шешпеген немесе емтиханға келмеген тұлғалар «жіберілмеді» деп бағаланады және арнаулы емтиханды тапсырмаған болып табылады.

3. Арнаулы емтиханды тапсыру критерийлері:

3.1 Арнаулы емтихан – педагогикалық жағдаятты шешу қорытындысы келесі критерийлері бойынша қойылады:

«Өтті»

Төменгі жағдайда қойылады, егер талапкер:

- ұстаз мазмұны мен қызметіне тұрақты қызығушылық танытады, мұғалім болуға саналы ұмтылыс білдіреді;
- мұғалім тұлғасына қойылатын жалпы талаптарды тұжырамдай біледі және оның қызметінің ерекшеліктерін сипаттайды;
- берілген жағдайларда бірегейлік көрсете біледі;
- сөзі ақпаратқа толы, қисынды, бірізді, анық және толыққанды. Сөзінде бағалау пікірлер мен көркем құралдары бар, нақты дауыс мәнеріне ие;
- тыңдау және есту, басқа адамды түсінуге және сұхбат жүргізуге, тілдесуге дайындық пен ынтаны білдіру ептіліктерін көрсетеді;
- ұтымды деңгейінде негізделген эмпатиялық қабілеттері көрсетеді;
- құрдастарын артынан ертуге, олардың әрекетін басқару және ұйымдастыруға қабілетті, көшбасшылық қасиеттеріне ие.

«Өтпеді»

Төменгі жағдайда қойылады, егер талапкер:

- мұғалім мамандығына қызушылық танытпаса немесе қызығушылығы әлсіз көрсетілген;
 - педагогикалық жағдайды шешуге әрекет танытпайды;
 - өз ойын қисынсыз, дәйексіз, түсініксіз білдіреді. Семантикалық тұрғыдан артық сөздер, дауыс мәнері мен сөз нормаларының бұзылуы байқалады;
 - формалды тілдесуге дайын, сұхбатты еріксіз жүргізеді, басқаны тыңдауға бағытталмаған;
 - эмпатиялық қабілеттері көрінбейді немесе әлсіз көрінген;
 - қызметті басқару мен ұйымдастыруға жауапкершіліктен қашады.
- 3.2 Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:
- Жіберіледі
 - Жіберілмейді

4. Апелляцияны өткізу тәртібі

4.1 Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

4.2 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтініш арнайы емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

4.3 Арнаулы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.4 Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

5. Педагогикалық білім беру бағдарламасына оқуға тапсыратын талапкерлер үшін арнайы емтиханның педагогикалық жағдаяттары;

Педагогикалық жағдаят №1

Мектептен қайтып келе жатып үнемі сабаққа келмейтін сыныптасыңыздың көлік жуып жүргенін көріп қалдыңыз.

Не істейсіз?

1. Ештеңе көрмегендей сыңай танытып өтіп кетесіз: бұған не істейсің өмір осылай!
2. Сыныптасыңызға жақындай келіп, көзіне тік қарап, сөйлемей бұрылып кетіп қаласыз.
3. Жедел түрде сынып жетекшісіне айтып, жағдайды талқылау.
4. Ұялы телефонға түсіріп алып, сыныптастарға көрсетесіз
5. Өз жауабыңыз.

Жауабыңызға түсініктеме беріңіз.

Педагогикалық жағдаят №2

Сіздің сыныбыңызда арнайы бағдарламамен оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушы оқиды. Ал сыныптастары онымен сөйлеспек түгел оған мән де бермейді.

Осы жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Бұл жағдайда қандай әрекет етер едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді негіздеп беріңіз.

Педагогикалық жағдаят №3

Сізге 11 сынып оқушысы мамандық таңдаудан қиналып жүргенін айтты, себебі өзінің қалауы дизайнер болу, ал ата-анасы мұғалім болуына үгіттеп жүргенін жеткізді.

Сіз қандай кеңес берер едіңіз?

Педагогикалық жағдаят №4

Биыл сіздің балаңыздың сыныбында оқитындардың бәрінде «ұялы телефон» бар, тек сіздің балаңызда ғана ұялы телефон жоқ. Үйде балаңыз ұялы телефон алып бер деп мазаныңды алады. Сабаққа барғысы келмейді. Алып беруге жағдайыңыз көтермейді. *Сіз не істейсіз?*

Педагогикалық жағдаят №5

Оқушы мұғалімге: «Басқа балаларға қарағанда маған жақсы көзбен қарағаныңызды қалаймын, өйткені мен бәрінен де жақсы оқимын» - дейді. Мұғалім оқушыға таңқала қарап, ол үшін бәрі бірдей екендігін айтты. Сіз осы жағдаятты қалай шешетін едіңіз (не істер едіңіз? не айтар едіңіз? т.б.) *Оқушының мұндай өтінішіне мұғалім қалай жауап беруі керек?*

Педагогикалық жағдаят №6

7-сынып оқушысы үнемі тәртіп бұзады. Мектеп әкішілігі мен сынып жетекшісі әңгімелескеннен кейін екінші рет қайталамауға уәде береді. Бірақ, есіктен шыға бере баяғысын тағы бастайды.

Мұғалім мұндай жағдайда не істеуі керек? Бұл жағдайға қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №7

Әйгерімнің есте сақтау қабілеті өте жақсы дамыған, сондықтан ол кез келген мәтінді, әнді, ақпаратты оңай жаттап алады. Мереке кезінде ол тек өз рөлін ғана емес, басқа да балалардың рөлдеріндегі мәтіндерді жаттап алған. Сол мәтінді қайталап басқаларға өздерін көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Бұл жағдайға қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №8

Қазіргі кезде БУЛЛИНГ мәселесі неге жиі айтылып жүр? Басты себебі неде? *Осыған өз ой-пікіріңізді айтыңыз?*

Педагогикалық жағдаят №9

Сіз қоғамдық көлікте келе жатып, қасыңызда отырған жолаушының сөмкесінен бір адамның әмиян алып жатқандығының куәсі болдыңыз.

Сіз бұл жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір?

Педагогикалық жағдаят №10

Сіздің сыныптастарыңыз жаңадан келген мұғалімнің сабағына саналы түрде кешігіп келді. Сыныптастарыңыз рұқсатсыз кіріп, мұғалімнің ашуына тимекші болды. Мұғалім сәл жымып, өз орындарына отыруларына рұқсат етті. Оқушылар мұғалімнің мұндай әрекетінен сасып қалды. Таң қалды.

Сіз бұл жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір

Педагогикалық жағдаят №11

Екінші тоқсанның басында мұғалім оқушылардың орнын ауыстырып отырғызуда. Сол кезде бүкіл сыныптың көзінше Айдар Жайнаның қасында отырғысы келмейтіндігін айтты.

Мұғалім осы жағдайдан қалай шығу керек?

Педагогикалық жағдаят №12

Сыныпқа жаңадан оқушы қыз келді. Бірақ оның білім деңгейі төмен болатын. Мұғалім онымен сабақтан кейін де, сабақ үстінде де жұмыс жасайды, бірақ ешқандай нәтиже жоқ. Мұғалімнің шыдамы таусылып оған ұрсады, ұрады. Сынып көзінше «Сен топассың, салақсың» деген сөздер айтады. Сынып оқушылары да оны менсінбейді, сөйлеспейді. Оқушы енді сабаққа келуді де доғарды.

Осы жағдайда мұғалімнің іс-әрекеті дұрыс па? Өз жауабыңды түсіндір.

Педагогикалық жағдаят №13

Балалар арасындағы физикалық зорлық-зомбылық мәселесі. *Бұған сіздің ой-пікіріңіз?*

Педагогикалық жағдаят №14

Егер мен ПЕДАГОГ болсам... ары қарай жалғастырыңыз?

Педагогикалық жағдаят №15

Мұғалім оқушының сабақ үстінде ұялы телефонды кітап астына тығып алып, біреумен хат жазысып отырғанын байқайды. Мұғалім ызаланып, телефонды жұлып алады да, оқушының ата-анасын мектепке келуін талап етеді.

Осы жағдайдағы мұғалімнің мінез-құлығына талдап жасаңыз. Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №16

Мектепке жаңа мұғалім келді. Ол жас, көңілді және жайдары. Сіздің сыныптастарыңыз оны қызыға қарсы алды. Міне бірінші сабақ. Сынып тып-тыныш, кенет «Ку-ка-ре-ку» деген дауыс шықты. Мұғалім балаларға таңдана қарады. «Қораз» дым болды, бірнеше секунд үнсіздіктен кейін сыныптың басқа бұрышынан тағы да «ку-ка-ре-ку» деген дауыс естілді. Сабақ үзілді.

Сіздің ойыңызша, «Қораз» «ку-ка-ре-ку»ламау үшін, сабақ жалғасуы үшін мұғалім не істеуі керек еді? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар (не айтар) едіңіз? Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №17

Сіз тұрып жатқан үйде бір кішкентай қыз тұрады делік. Ол басқа балалар ойнап жатқанда скрипкада ұзақ уақыт және құштарланып дайындалатын. Бір күні ол жас музыканттардың конкурсында бірінші орынды жеңіп алғандығын сыныптастарына қуана айтты. Бірақ сыныптастары оның үстінен күліп «оқымысты» деген сөздермен келемеждей бастады. Мұғалім бұл жағдайды назарсыз қалдырды.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №18

Сіздің бірнеше сыныптастарыңыз жастар ансамблінің концертіне бару үшін сабақтан кетіп қалды. Келесі күні сынып жетекшісі келіп, мұны кім бастағанын сұрады. Бірақ ешкім дұрыс жауап бермеді. Мұғалім бүкіл сыныпты жазалады.

Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №19

Сыныпқа жаңадан практикант студент келді. Мұғалім практикант студентке үйретудің орнына, тек жұмсайтын болды. Сабақ уақытында гүлдеріне су құйғызады, шаң сүрткізеді, өзінің жеке жұмыстарына жұмсайды. Бостан-босқа сынып оқушыларының көзінше ұрсып, болашақ мұғалімді ұялтады. Соның салдарынан сынып практикант студентті сыйламайтын да, тыңдамайтын да болды.

Сіздің ойыңызша, мұғалімнің бұл әрекеті дұрыс па?

Педагогикалық жағдаят №20

Мұғалім өзін келемеждеген хатты жолдан ұстап алды. Астында оқушының аты-жөні жазылған. Осы жағдайдағы мұғалімнің іс-әрекетін көрсетіңіз?

1. Хатты көрсетіп тұрып жыртып тастайды.
 2. Хат иесін жариялап, көркемдік шеберлігі үшін мадақтау.
 3. Бұған қалжыңмен қарау
 4. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.
- Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.*

Педагогикалық жағдаят №21

Сыныпта оқушылар шуынан шаршаған мұғалім, ашуланып: «Мектепке не үшін келесіңдер осы? Келгеннен кейін бірнәрсе үйреніп кету керек қой» - деп, ұрысты.

Оқушылар: «Достарымызбен сөйлесуге және ойнап-күлуге келеміз» деп бір дауыспен жауап берді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №22

Төртінші сабаққа таман оқушылар шаршап, қатты сөйлеп, шулай бастады. Мұғалім сергіту сәтін жасайтындарын айтты, бәрі қуана келісті, алайда бірнеше оқушы мән бермегендей отыра берді.

Мұғалім сұрағанда:

- Неге жаттығу жасамай отырсыздар?

Оқушылар:

- Біз ешнәрсе жасағымыз келмейді - деп жауап қайтарады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №23

Биология пәнінің мұғалімі 10 сыныпқа сабаққа кірді. Оқушылар «Фототсинтез» тақырыбына дайындалған плакатты керісінше іліп қойды да, мұғалімнің қандай күйде болатынын күтіп отырды.

Мұндай жағдайда ұстаздың әрекеті:

1. Плакатты дұрыстап қойды.
2. Сыныпқа ескерту жасап, кезекші оқушыға дұрыс ілуін талап етті.
3. Қалжыңдай отыра, жымышп плакатты түзеп, сабақты жалғастырады.
4. Сіздің өз жауабыңыз.

Таңдаған жауабыңызды түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №24

Ең жақсы көретін мұғаліміңіздің бойынан көргіңіз келетін үш жақсы қасиетті атаңыз?

Педагогикалық жағдаят №25

Токсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) тапсыру кезінде оқушы дәретханаға сұранады.

Мұғалім:

- Әрине шығып кел, бірақ телефоныңды қалдырып кет, - дейді.

Оқушы: ата

- Жоқ, -анам телефоныңды қандай жағдай болмасын тастама деген, кім біледі қандай жағдайлар болатынын, деп жауап береді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №26

Мұғалім оқушыларға «Дәптерлерлерінді ашып, бүгінгі сабақты жазыңдар....» дейді. Мұғалім бір оқушының жазбай отырғанын көріп:

- Неге жазбай отырсын? - дейді.

Оқушы:

- Жазып не істеймін, мен мұқият тыңдап отырып, есімде сақтап аламын – деді.

*Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).
Неліктен?*

Педагогикалық жағдаят №27

9 сынып оқушысы мүлдем сабақ оқымай, сәнді киімдерге, биге қызығатын болды. Ол өте ерке, сыныптағы оқушылардың ойымен мүлде санаспайды. Мұғалімдермен үнемі жанжалдасады. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшісінің ол қыздың мінезін түзеуге деген мүмкіндіктері еш жүзеге аспады. Ата-анасы қызының мінезінде еш ауытқушылық жоқ деп, оның мұндай әрекеттеріне мектеп кінәлайды.

Осы жағдайды қалай түзеуге болады? Сіз қандай әрекет жасар едіңіз? Өз әрекетіңізді негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №28

Жасөспірімдер арасындағы зомбылықтың себептері:

қызғаныш;
табыс;
психикалық көріністер;
бұрынғы қателіктері үшін кек алу;
көшбасшылығы үшін күрес;
таңғалдыруға ұмтылу;
қорқытуға ұмтылу.
Сіздің көзқарасыңыз...

Педагогикалық жағдаят №29

Сабақта бірнеше оқушы «Теңіздегі шабуыл» ойынын ойнап отырады. Мұғалімнің ескертуіне: «Сіздің сабағыңыз бізге мүлдем қажеті жоқ. Ол бізге өмірде де керек емес» - деп жауап береді. Мұғалім күнделіктеріне ескерту жазып береді.

*Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).
Неліктен?*

Педагогикалық жағдаят 30

Оқушы өзінің бақылау жұмысына қасындағы дос құрбысынан төмен баға алғанын көріп, жұмысының дұрыс бағаланбады деп деп ойлайды, соған ренжіп, мұғалімнің берген тапсырманы орындамай қабағын түйіп, кітап дәптерлерін партадан итеріп тастап, көзі жасқа толып отыра береді. Бұны көрген мұғалім оқушыға:

- Саған не болды, тапсырманы неге орындамайсың дейді? – Оқушы мұғалімге жауап бермей үндемей отыра берді.

*Сіз бұл жағдаяттан қалай шығар едіңіз. Бұл жағдайда не айтар едіңіз? Не істер едіңіз?
Неліктен?*

Педагогикалық жағдаят 31

10 сынып оқушысы химия бөлмесіндегі шыны колбаны сындырып алады, сабаққа кірген бойда мұғалім колбанын сынғанын көріп, оқушының күнделігіне ата-анасы колбаның ақшасын төлесін деп жазып жібереді. Оқушының ата-анасы ақша төлеуден бас тартады.

Сіз бұл жағдаятта не істер едіңіз. Өз жауабыңыз. Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят 32

7-ші сынып оқушылары сенбілікте мектептің ауласын тазалап жүрді. Үзіліс кезінде сыныптағы Айдар: Мен жата тұрайын үйде мұндай шаруа істемеймін, болды шаршадым дейді. Айдардан кейін оқушылардың барлығы жұмыс жасаудан бас тартады. Мұғалім оқушылардан

жұмысты аяқтауды сұрайды.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №33

Сыныпта топтық жұмыс болып жатыр, топтық жұмысты әрдайым белсені бір оқушы басқарады. Басқа оқушыларда топтық жұмысты басқарғысы келеді, бірақ белсенді оқушы оларды келемеждеп, кедергі жасап, оларға мүмкіндік бермейді.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №34

Сабақтан соң сіз аялдамада тұрсыз, қасыңызда оқушыңыз Ержан да тұр. Күткен автобус та келді. Барлығы да мініп, автобус келесі аялдамаға тоқтағанда, бір үлкен жастағы әйел кісі мінді. Алда отырған Ержан орын берер емес. Сонда әлгі әйел кісі жай ғана: «Балам, аяғым ауыратын еді, орын бересің бе?» - деп сұрады. Ержан қабағын түйіп, ерең дегенде орнынан тұрып орын берді.

Сіз мұндай көріністі көре тұра не істер едіңіз?

Педагогикалық жағдаят №35

Сіз жетекшілік жасайтын сыныптағы бір оқушы мектеп бітіру кешіне бармайтынын айтады. Бұл оның отбасының жағдайына байланысты екенін сіз білесіз.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз

Педагогикалық жағдаят №36

Сіз мұғалімсіз. Үзіліс кезінде сыныптағы бір оқушы келіп сізге сыныптастары туралы мәлімет айтады: анау көп әңгіме айтады, анау көп сөз тасиды, бірін-бірі қалай мазақтайтындығын айтты.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №37

Сіз сынып жетекшісісіз. Сыныптағы бір оқушы тарих пәні сабағына қатысқысы келмейтінін, мұғалімімен қарым-қатынасының бұзылғанын, мұғалімнің мұның бағасын үнемі төмендетіп қоятынын мәлімдейді.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Оқушыға оның қателескендігін айтасыз. Жақсылап сабаққа дайындалып келуіне, пән мұғаліміне тіл тигізбеуіне және жақсы баға алатынына көзін жеткізесіз.

2. Пән мұғалімімен әңгімелесесіз. Себебін анықтайсыз.

3. Пән мұғаліміне тіл тигізгені үшін оқушыға дауыс көтеріп ұрсасыз.

4. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.

Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №38

Сіз 9-шы сыныптың сынып жетекшісі болып тағайындалдыңыз. Жұмысты неден бастар едіңіз?

Қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз? Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №39

Сіз-мұғалімсіз. Қазір балалар арасындағы зорлық-зомбылық туралы қандай жұмыстар атқарар едіңіз?

Қандай әрекет жасап, нені жоспарлайсыз? Сіздің пікіріңіз?

Педагогикалық жағдаят №40

Сізге 10 сынып оқушысының ата-аналары шағыммен келді, себебі сіздің тоқсандық жиынтық бағалауда оқушыға қойған бағаңыз көңілдерінен шықпайды. Олар бағаның әділ қойылмағанын айтып, оған сізді кінәлайды

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №41

Айгүлдің бүгін туылған күні. Сыныптастары сыныпта Айгүлге қымбат-қымбат сыйлықтар сыйлауда. Самал өзінің түрлі-түсті қағаздарымен жасаған сыйлығын қуанып Айгүлге берді. Айгүл болса оны жерге лақтырып жіберіп: «Мен мұндай сыйлықты қабылдай алмаймын. Сенің қықым-қықым қағаздарыңды қайтемін»-деді.

Сіздің бұл жағдайдағы іс-әрекетіңіз қандай болмақ?

Педагогикалық жағдаят №42

5 сыныпта оқитын Әсемнің ән айтуға дауысы керемет еді. Ол үйінде жүргенде ән айтуды өте қатты жақсы көреді. Сыныптастарының барлығы оны жақсы біледі. Бірақ Әсем мектеп қабырғасында сахнаға шығып ән айтуға жасқанады. Ән айт деген уақытта Әсемнің өзін қобалжытынын, көпшілік алдында қысылатынын айтты.

Сондағы мұғалімнің іс-әрекеті.

Педагогикалық жағдаят №43

Сіз өз сыныбыңыздағы баланың өзге сынып оқушысымен төбелесіп жатқанын, басқа балалардың айқайлап тамашалап тұрғанын көрдіңіз.

Сіздің әрекетіңіз?

1. Өз проблемаларын өздері шешсін, ал мен оған мән бермеймін.
2. Дауыс көтеріп, төбелесті тоқтатуын талап етемін.
3. Оларды ажыратып, директорға апарамын.
4. Барлық балаларды сыныпқа қуып тығып, не болғанын сұрастырамын.
5. Кінәлілерден басқаларын сыныпқа кіргізіп алып, әрбір оқушымен бөлек сөйлесемін де төбелестің себебін анықтаймын және оларды татуластыруға әрекет жасаймын.
6. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.

Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №44

Сіздің сабағыңыз ылғи бірінші сабақ болып өтеді. Сіз мұғалім ретінде бұны қалай санайсыз?

1. Қандай артықшылықтарын айтар едіңіз?
2. Дұрыс болса қандай артықшылығы бар?

Педагогикалық жағдаят №45

Мұғалім оқушыға тапсырма береді, ол орындағысы келмейді: «Мен тапсырманы орындамаймын», - деп ашық айтады.

Сіздің әрекетіңіз.

1. «Кел отырып талқылайық, мүмкін сенікі дұрыс шығар».

2. «Онда сен несіне оқуға келдің?»
 3. «Мүмкін, неге орындамайтыныңды айтарсың?»
 4. «Өзіңе қиын болады, ештеңе білмей қаласың».
 5. «Сонда не істейсің?»
 6. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.
- Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №46

Сіз сынып жетекшілік атқарып жүрген сыныбыңыздағы оқушылардың тұрмыстық жағдайлары әр түрлі, сынып ішіндегі жағдайы жақсы балалар жағдайы төмен оқушыларды төмендетіп, әр түрлі қысым жасайтынын байқадыңыз.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №47

Егер мен педагог болсам... Өзіңіздің сабақ берген мұғалімдеріңіздің ішінен кімді атар едіңіз және неліктен?

Педагогикалық жағдаят №48

Сабақ аяқталып, оқушылар үйлеріне жинала бастады. Асқар мен Санияның шкафтары жақын орналасқан, бір-бірімен айқайласып, бір-біріне бөгет жасауда.

Осы жағдайды шешу үшін мұғалім орындықтарын жылжытып қояды, бірақ сонда да олар жанжалдаса берді. Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

1. Асқарға ер баланың қызға орын беру керек екенін түсіндірем.
2. Нағыз ер балалар осылай жасайтынын айтамын.
3. Санияға жанжалдаспай басқа орынға ауысуын сураймын.
4. Егер балалар жиі жанжалдасатын болса екеуінің орындарын ауыстыруын ұсынам.
5. Сіздің әрекетіңіз.

Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №49

Сіздің сыныбыңызда ерекше білім беруді қажет ететін (мүмкіндігі шектеулі) оқушы оқиды, сынып оқушылары онымен араласпай, көптеген отақ істерге қоспайды.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Педагогикалық жағдаят №50

Сіз шет тілі пәні мұғалімісіз. Шет тілін балаларға үйрету үшін қандай жоспар жасар едіңіз? Өз жоспарыңызды құрыңыз?

Педагогикалық жағдаят №51

5 сыныпта Шет тілі сабағы жүріп жатыр. Мұғалім қол көтерген балаға кітаптағы мәтінді оқуын сұрайды. Бұл оқушы тұтығып сөйлейтін бала еді, ол қобалжыған сайын одан әрі тұтыға түседі. Сыныптағылардың біреуі төмен қарап мысқылдап, бір оқушы ашық келемеждеп күле бастайды. Ал оқушы қиын сөздерді ары қарай қорқа оқи береді.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз

Педагогикалық жағдаят №52

Сәуле 3 балалы отбасында тәрбиеленуде. Анасы оларды жалғыз тәрбиелеп отыр. Сәуле өз

заттарына дәптер, кітаптарына өте ұқыпты қарайды... Бірде сыныптасы Мұрат өз дәптерінің таза парақтарын жұлып, ұшақ жасап жатқанын көрді.

- Неге дәптердің парағын жұлып жатырсың, ол ақша тұрады ғой?! – дейді Сәуле.
- Менде парақ көп, маған бәрібір, қаласам әкем тағы алып береді - деді Мұрат.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №53

Сыныптағы бір оқушыны балалар есімімен емес ұлтымен атайды. Бала үнемі жылап, мектепке келгісі келмейді. Мұғалім балаларға бұл қылықтары дұрыс емес екенін түсіндіреді. Бірақ балалар мұғалімге білдіртпей мазақтауларын жалғастыра береді.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №54

Сіз бастауыш сынып мұғалімісіз. Ата-аналармен жұмыс формаларын көрсетіңіз?

Педагогикалық жағдаят №55

Болат мектепке жаңа костюммен келді. Костюм сыртында, түймесінде де жұлдызшалар бар екен. Түймелері балаларға қатты ұнайды.

Біраз уақыттан кейін мұғалім костюмінде бірде-бір түймесі қалмағанын көреді.

- Түймелерің қайда? - деп сұрады.

- Мен балаларға сыйладым, - деп жауап береді Болат.

- Бұлай жасауға болмайды ғой, анаң ұрсатын болды ғой?

- Жоқ анам ашуланбайды, себебі, ол үнемі «Сараң болуға болмайтынын айтады» - деп сенімді жауап берді Болат.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №56

9 сынып оқушысы сыныпта мұғаліммен әңгімелесіп отырып, оған: «Маған басқа оқушыларға қарағанда басқаша қарым-қатынас жасауыңызды қалаймын», - дейді.

Осы жағдайдағы мұғалімнің іс-әрекеті:

1. «Мен неге басқа оқушыларға қарағанда саған басқаша қарым-қатынас жасауым керек?»

2. «Мен жақсы көру, бөліп алу деген ойындарды ойнағым келмейді!»

3. «Маған сен сияқты арызданушы адамдар ұнамайды».

4. «Мен неге сені басқа оқушылардан ерекше бөліп қарауым керек, соны білгім келеді?»

5. «Егер мен сені басқа оқушылардан гөрі ерекше көрем десем сен өзінді жақсы сезінетін бе едің?»

6. «Қалай ойлайсың, мен шын мәнінде саған қарым-қатынасым қалай?»

7. Өз жауабың

Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №57

Сыныптағы бір оқушы сыныптасын ұнатпайды, онымен бірге топтық және жұптық жұмыс жасағысы келмейтінін ашық айтады. Мұғалімнің іс-әрекеті:

1. «Онда тұрған не бар?».

2. «Бірге жасауға тұра келеді, амал жоқ».

3. «Бұл сенің тарапыңнан ақымақтық».

4. «Осы жағдайдан кейін ол да сенімен жұмыс жасағысы келмейді».

5. «Сенікі дұрыс емес деп ойлаймын».

6. Сіздің өз жауабыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №58

Анасы баласына жаңа аяқ киім (кеды) сатып алып береді. Бірақ біраз күннен кейін бала үйге аяқ киімсіз келді. «Жаңасын алу керек» - дейді ол анасына:

- Менің аяқ киіміммен балалар үзілісте футбол ойнап, қайда тастағанын білмеймін, барлығымыз іздедік бірақ таппадық, - дейді.

Анасы баласын осы үшін жазалайды.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №59

Сіз 8-сыныпқа сынып жетекші болдыңыз. Жұмысты неден бастар едіңіз? Өз жоспарыңызды атаңыз?

Педагогикалық жағдаят №60

15 жастағы ұл бала жалғыз анасының тәрбиесінде өсті. Отбасы шағын ауылда тұратын. Соңғы жарты жылдықта ұл баланың сабағы күрт төмендеп кетті, кей кезде сабаққа да бармайтын, тіпті кешкісін үйге қонбайтын болған.

Бұл жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Педагогикалық жағдаят №61

